

## БӨЛІМ: ТЕХНОЛОГИЯ

## Кесте тігу технологиясы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
21.06.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/58449/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Бидалова Ардақ Макышовна

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Халықтың қолөнерінің бірі кестелеу технологиясы туралы ұғымды қалыптастыру, білімдерін кеңейту.

Дамытушылық: Кесте тігістерінің орындалу әдістерін меңгерту, қол икемділігін дамыту, тағампаздыққа баулу.

Тәрбиелік: Қолөнерді үйрету арқылы салт – дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: зерттеу, түсіндіру, сұрақ — жауап.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, бейнелеу, сызу.

Сабақтың көрнекілігі:

1. Дайын бұйымдар.

Құрал — жабдықтар: ине, қайшы, кергіш, жіп.

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушыларды түгелдеу.

2. Сабаққа дайындығын тексеру.

II Үй тапсырмасын бағалау.

Қайталау сұрақтары:

1. Қандай кесте түрлерін білесің?

2. Кестелеу барысында қандай құрал- жабдықтар қолданылады?

3. Кестелеу барысына қойылатын талаптар?

4. Мата таңдау туралы не білесің ?

5. Кесте өрнегін дайындау жолдарын ата?

III Үй тапсырмасын қорытындылау.

IV Жаңа материалды меңгерту.

1. Қолөнер — ежелден келе жатқан кәсіп. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге

дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Қолөнер дүние жүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр елдің табиғи ерекшелігіне, этникалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып отырады. Көне заманнан келе жатқан қазақ қолөнері өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалған. Сол қолөнердің бір түрі – кесте тігу. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас кесте, айқыш- ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте, және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп, кергіш ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді.

Шым кесте тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кестені айтады. Кесте тігуге қажетті негізгі құрал – жабдықтың бірі кергіш. Ол матаны керіп ұстайды және оны зақымдалудан сақтайды. Жұмысты бастамас бұрын қауіпсіздік ережелерін еске түсіру.

1. Инені аузыңа салма
2. Тот басқан инемен жұмыс жасауға болмайды.
3. Инені кез келген жерге қадауға болмайды.
4. Қайшыны жолдасыңа үшкіл жағымен берме.
5. Жолдасың қайшымен жұмыс істеп жатқан кезде, көңілін бөлуге болмайды.
6. Қайшының ұшын жоғары қарай көтерме.

Нұсқау карта

Жұмыстың орындалу реті. Керекті заттар

1. Мата, карандаш, ине, жіп, қайшы
2. Матаға өрнекті салу
3. Матаны кергішке керу
4. Матаға сызылған өрнекті сызық бойымен кестелеу

1 — кезең. «Түкті кесте» тігу технологиясы. Кестені кергішке керу арқылы орындайды. Кергіш төртбұрыш немесе дөңгелек болуы мүмкін. Бұл кестенің бедері сүлгінің (орамалдың) түгі тәрізді болып келеді. Таңдалған кестенің сызбасын матаның теріс жағына сызады. Мата жұмсақ тез тесіліп қалмайтын болуы шарт. Кестелейтін жіпке келсек: кесте тігуге арналған түрлі түсті жіпті қалауынша пайдалануға болады.

Ал түкті кестеге арналған «кестенің бізін» мал егуге арналған жуантық шприцтің инесінен дайындайды. Инеге тігін машинасының инесі тәрізді тесік жасап, ұшынан 1 см жер қалдырып, резина (өшіргіштің бөлшегі) өткізіп дайындайды. Жіпті иненің бойымен өткізіп келіп, тесіктен кері өткізу қажет. Кесте тартымды болу үшін тігістің ара қашықтығы 1-2 мм, тігін машинасының тігісі тәрізді түсуі қажет. Бұл кестемен әркімнің өз қалауына қарай жастық, төсек жапқыш (плет), қабырғаға ілуге арналған бұйымдар т.б жасауға болады.

2 — кезең. Жастықша кестелеу

3 — кезең. Айқас тігісімен кестелеу.

4 — кезең. Бисермен кестелеу.

ҮІ. Сабақты бекіту.

Мақал мәтелдер

ҮІІ .Бағалау

ҮІІІ. Үйге тапсырма

Кесте тігістерін тігу

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.